

¹Көшеров Н.Ж.  ²Молдахметов Р. А.  ³Бейсембаева А. 

¹«Тұран» университеті, Қазақстан, Алматы қ.

^{2,3}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: ¹nurgisa-polit@mail.ru, ²teolog.dintanu@gmail.com, ³aiman0303@mail.ru

«ҒАШИЯ» СҮРЕСІНДЕГІ БАҚЫЛАУ КОНЦЕПЦИЯСЫ: ТЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ОНТОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Аңдатпа. Ұсынылып отырған зерттеу мақаласында «Ғашия» сүресінің 17-ші аятындағы түйе жаратылысына қатысты иләһи үндеудің теологиялық, онтологиялық және этно-мәдени қырлары заманауи ғылыми парадигмалар аясында кешенді түрде зерделенеді. Жұмыстың негізгі мақсаты қасиетті мәтіндегі «надара», яғни бақылау мен зер салу бұйрығы және түйенің биологиялық-анатомиялық ерекшеліктерінің Қиямет күніндегі қайта тірілу ақиқатымен өзара сабақтастығын жаңа ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеу болып табылады. Зерттеу барысында ислам теологиясының дәстүрлі «Құранды Құранмен тәпсірлеу» әдісі, сондай-ақ теологиялық герменевтика, сапалық мазмұндық контент-талдау және салыстырмалы-компаративтік әдістер кешені жан-жақты қолданылды. Экстраполяциялық талдау нәтижесінде «Ғашия» сүресіндегі бақылау үдерісі мен «Бақара» сүресінің 260-шы аятындағы тіршілікті жекелеген бөлшектерден қайта құрастыру ақиқаты арасындағы тікелей логикалық-теологиялық байланыс дәлелденді. Классикалық тәпсіршілер имам ат-Табари мен Фахруддин ар-Разидің еңбектеріндегі іргелі пайымдар түркілік дүниетанымдағы, соның ішінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мен Махмұд Қашқари мұраларында сақталған, түйе бойында он екі жануардың мүшелері жинақталған деген этно-биологиялық біліммен бірінші рет шендестіріліп, терең талданды. Зерттеу нәтижесінде түйе жаратылысы «әмбебап био-конструкциялық модель» ретінде тұжырымдалып, оның сыртқы бітімі ыдыраған элементтерді қайта жинақтаушы иләһи дизайнның кемел үлгісі әрі адамның онтологиялық санасын трансформациялаушы маңызды теологиялық құрал екендігі нақты айқындалды.

Кілт сөздер: Ғашия сүресі, тәпсір методологиясы, түйе жаратылысы, қайта тірілу, түркілік дүниетаным, иләһи дизайн, онтология, этно-биология.

Кіріспе

Зерттеу жұмысы Құран Кәрімдегі иләһи үндеулердің танымдық маңызы мен түйе жаратылысының теологиялық-философиялық астарын ашуға бағытталады. Құранның кейбір аяттары адамзатты қоршаған ортаға зер салу арқылы Жаратушының хикметін ұғынуға шақырады. Соның ішінде «Ғашия» сүресінің 17-ші аятындағы «Олар түйенің қалай жаратылғанына қарамай ма?» деген сауал ерекше эпистемологиялық мәнге ие (Құран Кәрім, 2015 а). Әсіресе, бізді неге басқа жануарлар ішінде «түйеге» ерекше ықылас қойылғандығы қызықтырды. Сонымен бірге, түйе мәселесі қайта тірілу күні туралы аятта аталуы ойландырады. Біздің ойымызша, аталған аят түйе жануарының биологиялық сипатын баяндап қана қоймай, табиғат пен метафизика арасындағы, атап айтқанда, қайта тірілу күнімен байланысты логикаға екпін түсіреді.

Ғасырлар бойы Имам ат-Табари (Табари, 2000 а), Фахруддин ар-Рази (Рази, 1981), Имам әл-Куртуби (Куртуби, 1988) және Ибн Кәсир (Ибн Касир, 1999 а) (р.а.) секілді классикалық тәпсіршілер бұл аятты талдауда түйенің күш-қуатын, бағыныштылығын және шөл даланың қатал климатына бейімделген әмбебап қабілетін негізгі дәлел ретінде келтірген. Сонымен қатар, кейбір заманауи ойшылдар бұл жаратылысты иләһи дизайнның кемел үлгісі әрі адамның интеллектуалдық жауапкершілігін оятатын нышан ретінде қарастырады.

Зерттеу жұмысы классикалық тәпсірлік мектептердің тұжырымдарын түркілік дүниетанымның, соның ішінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (Көпейұлы, 2006) мен Махмұд Қашқари (Кашқари, 2005) еңбектерінде сақталған этно-биологиялық біліммен сабақтастыра отырып зерделеуімен өзекті. Көшпенділердің түйе бойында он екі жануардың мүшелері жинақталған деген түсінігі Бақара сүресінің 260-шы аятындағы бөлшектерден тұтас тіршілікті қайта құрастыру ақиқатына жаңаша теологиялық сипат береді (Құран Кәрім, 2015 б). Мақаланың мақсаты «Ғашия» сүресінің 17-ші аятындағы «қарау» бұйрығының астарында жатқан онтологиялық мағынаны ашу және түйе жаратылысының қайта тірілу концепциясымен байланысын ғылыми-рационалдық және этно-мәдени тұрғыдан негіздеу болып табылады (Құран Кәрім, 2015 в). Бұл бағыттағы ізденістер Құранның ғылыми құндылығын заманауи таныммен толықтыруға және исламдық білім парадигмасындағы дәстүрлер мен жаңашыл көзқарастардың үйлесімін көрсетуге жол ашады.

Егер Құран Кәрімнің «Ғашия» сүресі, 17-ші аятындағы «надара» (бақылау/зер салу) бұйрығы мен түйенің әмбебап биологиялық бітімі Бақара сүресінің 260-шы аятындағы бөлшектерден тұтас тіршілікті қайта құрастыру немесе қайта тірілу логикасына негізделген болса, онда қазақ дүниетанымындағы «Көрмес түйені де көрмес» деген нақыл сөздің де мәні жай ғана тұрмыстық метафора емес, терең діни-дүниетанымдық онтологиялық мағынаға ие. Біздің болжамымызша, бұл нақыл қазақ халқы дүниетанымындағы исламдық діни білімнің орны мен оны өзінше пайымдай алғандығының, сәйкесінше терең діни-философиялық білімдер өндіре алғандығының көрінісі ретінде қабылдауға болады.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық негізін қасиетті мәтіндерді талдауға арналған теологиялық, филологиялық және философиялық таным құралдары құрайды. Мақалада «Ғашия» сүресінің 17-ші аятындағы бақылау концепциясын және оның онтологиялық мазмұнын ашу мақсатында келесі нақты әдістер кешені қолданылды:

Бірінші кезекте, ислам теологиясының дәстүрлі әрі іргелі әдісі болып табылатын «Құранды Құранмен тәпсірлеу» тәсілі негізге алынды. Аталған әдіс «Ғашия» сүресіндегі бақылауға шақыру мен түйе жаратылысы туралы аятты «Бақара» сүресінің 260-шы аятындағы Ибраһим пайғамбардың (а.с.) құстарды бөлшектеу арқылы қайта тірілу ақиқатына көз жеткізу баянымен логикалық тұрғыдан байланыстыру үшін пайдаланылды. Осы әдісті қолдану нәтижесінде қос сүредегі иләһи белгілердің мақсаты бір екендігі, яғни бөлшектерден тұратын күрделі жаратылысты бақылау арқылы трансцендентті ақиқатты тануға болатындығы ғылыми тұрғыдан дәлелденді.

Екінші бағытта, мәтінді терең түсіну мен мағыналық қатпарларын ашуға мүмкіндік беретін теологиялық герменевтика әдісі қолданыс тапты. Бұл құрал классикалық тәпсір мектептерінің негізін салушылар Имам ат-Табари (р.а.) мен Фахруддин ар-Разидің (р.а.) еңбектеріндегі «әфәлә йәнзуруун» (олар бақыламайды ма, зер салмай ма?) фразасына қатысты түсіндірмелерді концептуалды саралау үшін қызмет етті. Герменевтикалық сүзгі арқылы ежелгі мәтіндердің семантикалық құрылымы қазіргі заманғы теологиялық дискурс тіліне көшіріліп, бақылау үдерісінің жай ғана визуалды қабылдау емес, терең онтологиялық таным екендігі туралы нәтиже тұжырымдалды.

Үшінші кезекте, классикалық тәпсірлердегі ақпараттарды жүйелеу мақсатында сапалық мазмұндық контент-талдау әдісі жүзеге асырылды. Әдісті қолдану барысында ат-Табаридің риуаяттарға негізделген және ар-Разидің (р.а.) ақыл мен логикаға сүйенген түсіндірмелеріндегі «түйе жаратылысының бірегейлігі» туралы терминдер мен ұғымдар іріктелді. Сапалық контент-талдаудың нәтижесінде дәстүрлі және рационалды бағыттағы тәпсіршілердің екі түрлі әдіснамалық мектепке жатқанына қарамастан, «Ғашия» сүресіндегі бақылау концепциясын адам санасын оятушы басты онтологиялық дәлел ретінде бірдей танитындығы айқындалды.

Сонымен қатар, зерттеуде қасиетті мәтіннің мәдени контекстін ашу үшін салыстырмалы-компаративтік әдіс пайдаланылды. Құран аяттарындағы түйе малдарының экстерьерлік, биологиялық сипаттамалары қазіргі эмпирикалық таным деңгейімен салыстыра тексерілді. Салыстырмалы талдаудың нәтижесінде аяттағы метафоралық бейнелердің көшпелі қоғамның күнделікті тұрмысымен сабақтаса отырып, әмбебап жаратылыс заңдылықтарын көрсететін теологиялық феномен екендігі нақтыланды.

Талқылау

«Ғашия» сүресінің 17-ші аятындағы бақылау концепциясы мен түйе жаратылысының теологиялық астарын зерделеу ислам ғылымы тарихында бай историографиялық мектеп қалыптастырған бағыт болып табылады. Ғасырлар бойы қалыптасқан тәпсір дәстүрінде аталған қасиетті мәтін негізінен үш түрлі теориялық-әдіснамалық парадигма аясында талқыланып келді.

Бірінші бағыт ислам теологиясында «тасхир» концепциясы ретінде танымал. Ислам ғылымының тарихында «тәпсіршілердің атасы» саналатын Имам ат-Табари (р.а.) өзінің монументалды еңбегінде түйе жаратылысына назар аудару бұйрығын тікелей жаратылыстың адамға бағыныштылығымен және шөл даланың қатал климатына бейімделген әмбебап қабілетімен байланыстырады. Тәпсірші риуаяттарға негізделген әдіснама шеңберінде түйенің алыс елдерге жүк жеткізу, жер өсімдігімен қоректену сияқты функционалдық сипаттарын Жаратушының құдіретіне эмпирикалық дәлел ретінде ұсынады (Табари, 2000а). Табари негізін қалаған аталған прагматикалық-функционалдық бағыт кейіннен Имам әл-Қуртуби (р.а.) мен Ибн Кәсир (р.а.) еңбектерінде жалғасын тапты. Әл-Қуртуби (р.а.) түйенің әлеуметтік-экономикалық маңызына, атап айтқанда, шөгіп тұрғанда үстіне жүк тиеліп, содан кейін барып үстіндегі жүгімен бірге түрегелетін бірегей экстерьерлік қасиетіне эксклюзивті заңдылық ретінде назар аударса (Қуртуби, 1988), Ибн Кәсир (р.а.) араб көшпелі қоғамының негізгі малы ретіндегі рөліне басымдық берді (Ибн Кәсир, 1999 а). Осылайша, дәстүрлі историографияда аяттың мәні көбіне материалдық әлемдегі пайда мен адамның визуалды қабылдауы тұрғысынан шектелгендігі байқалады.

Екінші бағыт Фахруддин ар-Разидің (р.а.) еңбегімен байланысты дамыған рационалды-философиялық парадигманы қамтиды. Ар-Рази (р.а.) ақыл мен логикаға сүйенген әдіснамалық мектеп өкілі ретінде түйенің биологиялық бітіміне терең ғылыми талдау жасады (Рази, 1981). Ол түйені өзге жануарлардың барлық пайдалы сипаттарын (көлік болу, еті желіну, сүті ішілу) бойына жинақтаған бірегей құрылым ретінде бағалап, оны Дана Жаратушының бар екендігіне интеллектуалды айғақ ретінде тұжырымдады (Рази, 1981). Разидің қадамы аятты үстірт қабылдаудан ғылыми-логикалық деңгейге көтеруге жол ашты.

Үшінші бағыт ХХ ғасырдағы заманауи исламдық ой-толғамдарды қамтитын интеллектуалдық-экзистенциалдық мектеп болып табылады. Олар аталған аятты иләһи дизайнның кемел үлгісі әрі адамның интеллектуалдық жауапкершілігін оятушы нышан ретінде қарастырса, кейбіреулері адамның күнделікті көріп жүрген болмысты қабылдауда бойы үйреніп кету салдарын төмендету үшін түйсін қайта жаңғыртуға бағытталған психологиялық-экзистенциалдық феномен ретінде сипаттайды.

«Ғашия» сүресінің 17-ші аятын талдау үшін осыған дейін жазылған тәпсір еңбектеріне шолу жасалды. Тәпсір ғылымының күрделілігі мен ішкі байланыстарын, методологиялық ережелерін сақтау үшін орта және кейінгі заман тәпсір ғалымдарының еңбектерін талдап, негізгі заңдылықтары мен бағыттарын анықтадық. Солардың бірегейі, ислам ғылымының тарихында «тәпсіршілердің атасы» саналатын, Құранды жүйелі түрде талдаудың негізін қалаған Имам ат-Табаридің (р.а.) (839-923 ж.ж.) монументалды еңбегі «Жами' ал-байан 'ан та'уил ай ал-Қур'ан» еңбегінен бастап, өткен ғасырда Құран тәпсіріне қалам тербеген басқа да танымал ғалымдардың еңбегіне дейін қарастырдық. Табаридің «Ғашия» сүресінің 17-ші аятына қатысты берген түсіндірмелері мен «тасхир» немесе бағындыру концепциясы кейінгі

барлық ірі тәпсіршілер Ибн Кәсирден (р.а.) бастап бүгінге дейін ғылыми іргетас және негізгі методологиялық бағдар ретінде қызмет еткенін айтуға болады. Тәпсіршілердің тағы бір иек артқан тұсы «Ғашия» сүресінің атауын, яғни «Қиямет күні» қайта тірілу оқиғасымен түйенің күрделі жаратылысын онымен логикалық сабақтастырады.

Сонымен, осыған дейінгі Табари және басқа да тәпсіршілердің 88:17 сүреге жасаған тәпсірлерінен үзінділер келтіре отырып, көтеріп отырған ғылыми мәселеге дендеп енуге мүмкіндік аламыз және осы арқылы олардың еңбектері мен әрі қарай зерттеу барысында жасалатын біздің тұжырымдарымыздың арасында айырмашылықтарды оңай ажырататын боламыз. Әрі қарай, алғашқы тәпсір ғылымының іргетасын қалаушылардың бірегейі Табари тәпсіріне зер салып көрдік.

«Алла Тағала айтады: Қайта тірілуді жоққа шығарушылар түйеге, Алланың оны қалай жаратқанына қарамай ма? Олар оның жаратылысының таңғажайып екенін, сондай-ақ оның адамдарға қалай бағындырылғанын (тасхир) ойланбай ма? Ол олардың жүктерін алыс елдерге жеткізеді, өздері зор қиындықпен ғана жете алатын жерлерге апарады; жердің өсімдігімен қоректенеді, шөл мен аштыққа төзімді келеді. Соған қарамастан, ол адамдарға бағынышты: олар оған мінеді, сүтін ішеді және одан пайда көреді» (Табари, 2000 а).

Фахруддин ар-Разидің (р.а.) «Мәфатих ал-ғайб» (Үлкен тәпсір) атты еңбегіндегі бұл аятқа талдауы алдыңғы автордан айтарлықтай ерекшеленеді. Рази философ әрі ғалым ретінде түйенің биологиялық және функционалдық ерекшеліктеріне логикалық тұрғыдан терең үңіледі. Ол «Неліктен Алла Тағала аспан мен жерден бұрын түйені атады?» деген сұраққа жауап іздей отырып, түйенің жаратылысындағы төрт түрлі хикметті баяндайды.

«Алла Тағала айтады (қазақша аудармасы): Біле жүр, Алла Тағала Өзінің кемел құдіретін дәлелдеу үшін түйені мысалға келтірді. Өйткені ол өте зор жаратылыс және орасан зор күш иесі, бірақ соған қарамастан кішкентай балаға да бағынады. Сондай-ақ, ол өте қатты шөлге және тікенді жеуге шыдамды келеді. Түйе өзінде әрі көлік болу, әрі еті желіну, әрі сүті ішілу қасиеттерін біріктірген, яғни онда өзге жануарлардың барлық пайдалы сипаттары жинақталған. Оның осындай ғажайып сипатта жаратылуы Дана Жаратушының бар екеніне және Оның шексіз құдіретіне айқын дәлел» (Рази, 1981).

Имам әл-Қуртубидің (р.а.) «ал-Жами' ли-ахкам ал-Қур'ан» атты еңбегі ислам әлеміндегі ең ауқымды әрі құқықтық бағыттағы тәпсірлердің бірі болып саналады. Ол өзінен бұрынғы тәпсіршілердің пікірлерін жинақтап қана қоймай, түйенің жаратылысын адамның әлеуметтік және экономикалық өміріне қажетті универсалды ресурс ретінде көрсете білген.

«Алла Тағала айтады: Аятта түйенің арнайы аталу себебі туралы былай делінген: өйткені ол арабтар үшін ең таңғаларлық мақұлық. Ол шөлге төзімділік пен ауыр жұмысты бойына жинаған, сонымен бірге әлсізге де бағына алады. Алла оның етінде, сүтінде және жонында көлік ретінде үлкен пайда қылды. Түйе арабтардың малдарының ішіндегі ең қадірлісі. Оның жаратылысында ғибрат бар, ол шөгіп тұрғанда үстіне жүк тиеледі де, содан кейін барып үстіндегі жүгімен бірге түрегеледі. Ал жылқы мен қашыр сияқты басқа жануарларға тек түрегеп тұрғанда ғана жүк тиеуге болады, бұл өз кезегінде оның иесіне ауыртпашылық тудырады (Қуртуби, 1988).

Тәпсір ғылымында өзіндік орны бар және оны ілгерілетуде айрықша үлес қосқан Ибн-Касир (р.а.) қалдырған мәтінге шолу жасап көрдік:

«Алла Тағала Өзінің құдіреті мен ұлылығына нұсқайтын жаратылыстарына назар аударуды бұйырып: «Олар түйенің қалай жаратылғанына қарамай ма?» - дейді. Расында, ол таңғажайып жаратылыс әрі бітімі бөлек құрылым. Ол шектен тыс күш пен қуат иесі бола тұра, ауыр жүк тиеуге жұмсақтық танытады (иіледі) және әлсіз жетекшіге бойұсынады (соңынан ереді). Сондай-ақ оның еті желінеді, жүні пайдаға асады және сүті ішіледі. Арабтардың негізгі малы түйе болғандықтан, (Алла) олардың назарын осыған аударды (Ибн Касир, 1999 а).

Кейбір тәпсіршілер бұл аятты тек діни немесе табиғи құбылыс ретінде емес, адамның интеллектуалдық жауапкершілігі мен мақсатты жаратылыс тұрғысынан қарастырады.

Мысалы 88:17 аятта: «Түйеге назар аударуды бұйыру бұл жай ғана үстірт қарау емес, бұл жануарды иләһи дизайнның кемел үлгісі ретінде зерттеуге шақыру. Түйе осы аят арналған қауымның өміріндегі ең айқын дәлел. Олар бұл жануардың бойынан орасан зор күш пен таңғажайып бағыныштылықтың ұштасқанын көреді. Экономикалық функциялар мен жоғары физикалық қабілетті біріктірген бұл жаратылыс ешқашан кездейсоқтықтың жемісі болуы мүмкін емес. Керісінше, әрбір ортаға соған лайықты құралдарды өлшеп берген Жаратушының бар екеніне дәлел» - деген.

Қазіргі заман тәпсіршілерінің де еңбектеріне шолу жасап, олардың бірлі жарымдарынан мысал келтіруді жөн көрдік. Олар «Ғашия» сүресінің 17-аятын талдағанда, алдыңғы классиктер сияқты тек фикһтық немесе биологиялық детальдармен шектелмейді. Олар адамның сезімі мен түйсігіне әсер ету арқылы Жаратушы мен жаратылыс арасындағы тікелей байланысты көрсетеді.

Мысалы: Түйе арабқа ең жақын жануар болғандықтан, ондағы ғажайыптар мен ерекшеліктер басқа жануарларға қарап жатуды қажет етпейді. Ол зор, күшті, сабырлы мақұлық, соған қарамастан кішкентай бала жетектей алатындай жуас. Құран адамның жүрегін көз алдындағы осы ғажайыптарға нәзік жанастыру арқылы бұрады. Бірақ адам баласы оны күнде көріп, үйреніп кеткендіктен (әл-улфа), оның жан дүниесіне әсері бәсеңдеп қалған. Түйенің шөл даланың қатал климатына бейімделген осындай ерекше бітіммен жаратылуы оның тұлғасын сомдаған Құдірет шеберлігіне үнемі ой жүгіртуге шақыратын мәңгілік үндеу.

«Ғашия» сүресіндегі 17-ші аят барлық классикалық және қазіргі тәпсірлерде бірдей логикаға сүйенеді: табиғатты бақылау арқылы Жаратушыны тану және сол арқылы қайта тірілу ақиқатын дәлелдеу. Әртүрлі тәпсірлік мектептер нақли, рационал, философиялық, құқықтық әдістемесі бөлек болғанымен, онтологиялық және теологиялық қорытынды бірдей болып қалады.

Осы зерттеу жұмысымыздың аясында, түркілік дүниетаным мен ислам теологиясының сабақтастығы контекстінде қазақтың «Көрмес түйені де көрмес» деген нақылының мағыналық қатпарлары жаңаша сипат алады. Бір жағынан, аталған нақылдың діни-дүниетанымдық терең мәні оның Құран аяттарымен тікелей астасып жатқандығымен қызықты. Түйе өзінің зор тұлғасымен, экстерьерлік бітімімен және бойында 12 жануардың белгілерін біріктірген әмбебап био-конструкциялық сипатымен адам назарынан тыс қалуы мүмкін емес. Егер адам баласы көз алдында тұрған осындай орасан зор мақұлықтың өзінен Жаратушының шеберлігін, бөлшектерден тұтастықты құраушы Құдіретті көре алмаса («Көрмес...»), ол басқа ешқандай метафизикалық ақиқатты да, Қияметтегі қайта тірілу логикасын да тани алмайды («...түйені де көрмес»). Бұл жердегі «көрмеу» физикалық соқырлық емес, аятта айтылған «надара» (терең зер салып бақылау) үдерісінің жоқтығы, яғни онтологиялық танымның, интеллектуалдық жауапкершіліктің шектелуі. Халқымыз бұл нақыл арқылы Құранның танымдық парадигмасын ұлттық код деңгейінде сіңіріп, ақиқатты мойындауда биік саналылық көрсете білген.

«Ғашия» сүресінің 17-ші аятына жасалған ислам әлеміндегі беделді ғалымдардың тәпсірлерін зерделеген соң аталған Құран аятының мағынасын ашу жолында әлі де ізденістер жасау, оның мағынасын толықтыруды жалғастыру қажеттігі туындап отыр. Құранның құндылығы да уақыт өтіп, ғылым дамыған сайын оның жаңа мағынасының, қырларының ашыла түсуімен маңызды. Ондағы шамамен 750-ден астам ғылыми аяттарды өткен ғасырлардағы фақиһтар негізінен лингвистикалық тұрғыдан түсіндіруге тырысқан (Жәуһари, 1931). Саид Нурси «Рисале-и Нұр» жинағында Құран аяттары болашақ технологияларға ишара ететінін атап өткен. Мәселен, Сүлеймен пайғамбардың (а.с.) тағын көз ілестірмей жеткізу немесе Иса пайғамбардың (а.с.) соқырды емдеуі келешектегі адамзат қол жеткізетін технологиялық мүмкіндік ретінде қарастырады (Нурси, 2010). Басқа да ислам ғалымдарының мұндай пікірлері және Құранның күрделі ғылыми болмысы мен прогрессивтілігі оны догматикалық (Comte, 1832) деп бағалаған кейбір батыс ойшылдарының ұстанымына қарама-қайшы және ондай ойларды толығымен жоққа шығара алады.

Ғылыми нәтижелер

«Ғашия» сүресінің 17-ші аятын тәпсірлеуде өткен ғасыр ғалымдарының еңбектеріне негізге ала отырып, олардың методологиясына табан тірейміз және Жаратушының түйені адамдарға үлгі ретінде көрсетуіне қатысты айтылған пайымдарды одан әрі дамытуды жалғастырамыз. Тәпсір ғалымдары өздерінің ғылыми жұмыстарында түйенің анатомиялық қабілеттері мен ерекшеліктеріне тоқталып, зерттеу бағыттарын орынды анықтағандарындай, 88:17: «Олар, түйеге қарамай ма, қайтып жаратылған?» аятын тәпсірлеуде жануардың сыртқы көрінісінен белгілер іздеу методологиялық дұрыс қадам деп санаймыз. Ғылыми әдіс-тәсілдер тұрғысынан зерделейтін болсақ, «қарау» сөзінің негізінде эпистемологиялық идея жатыр. Сапалық зерттеуге жатқызылатын «қарау», «бақылау» әдісі арқылы табиғатты танысақ, ал табиғаттың өзі өлген соң қайта тірілуге дәлел бола алады. Аяттың келесі бөлігіндегі «қайтіп жаратылған?» сұраулы тіркесі ойлануға жетелейді. Сол арқылы, келесі кезеңде адамның иманға келу жолына жол ашылады. Яғни, бақылау арқылы – ойлану, ойлану арқылы – өлген соң қайта тірілуге иман келтіру кезеңдері қамтылған. 88:17 аятындағы сөйлем құрлымына жасаған контент және лингвистикалық талдау бізге осыған дейінгі тәпсірші ғалымдар жүргізген зерттеудің дұрыстығына және оның оң бағытта екендігін көрсетеді.

«Бақылау», «қарау» әдісіне сүйене отырып, түйенің жаратылысындағы ерекшеліктерге үңілуде, осыған дейінгі жасалған тұжырымдарды әрі қарай жетілдіріп көрейік. Мәселен Фахруддин Рази (р.а.) «түйе өзінде әрі көлік болу, әрі еті желіну, әрі сүті ішілу қасиеттерін біріктірген, яғни онда өзге жануарлардың барлық пайдалы сипаттары жинақталғандығын» орынды атап өткен. «Сипаттардың жинақталуы» тұжырымы дәл айтылсада, ол оның еті мен сүті, көлік болу секілді адамға пайдаларына қарата айтылған. Біздің ойымызша, Алла Тағаланың түйені үлгі ретінде көрсетуінен оның базалық артықшылықтары мен ерекшеліктеріне назар салудан да тереңірек мән жатыр деп ойлаймыз және сүренің өзі қайта тірілу күнін еске салатындықтан, бастапқы логикадан ажырамай, пайдалы сипаттарын жинақтаудан гөрі, түйенің бойынан «қайта тірілу күніне» меңзейтін белгілерді іздегеніміз жөн.

«Құранды Құранмен тәпсірлеу» әдісіне сүйенетін болсақ (Ибн Касир, 1999 б), әдебиеттерге шолу бөлімінде айтылған тәпсіршілердің барлығы да «Ғашия» сүресін тәпсірлеуде «қайта тірілу» оқиғасына негізгі екпінді түсіреді. Осы ретте, «Ғашия» сүресінің 17-ші аятының тәпсіріне қатысты өз версиямызды баяндамай тұрып, онымен байланыстыру және ойымызды тізбек бойымен негіздеу үшін қайта тірілу күніне дәлел ретінде түсірілген «Бақара» сүресінің 260-шы аятына жасалған Табаридің тәпсіріне сүйенуді жөн санаймыз. Алдымен, «Бақара» сүресінің 260-шы аятын оқып алған соң, тәпсірге кезек береміз:

2:260: Сонау заманда Ыбырайым (Ғ.С.): «Раббым! Өлікті қайтып тірілтесің, маған көрсет» деді. (Алла): «Маған сенбейсің бе?», - деді. (Ыбырайым Ғ.С.): «Әрине сенемін, бірақ жүрегім орнықсын» деді. (Алла Т.): «Құстардан төртеу ұста да өзіңе үйірлестіріп, (сойып араластыр). Сонсоң әр таудың басына бір бөлшегін қой да сонан кейін оларды шақыр; дереу саған жетіп келеді. Күдіксіз Алланың өте үстем хикмет иесі екенін біл» деді. (Ыбырайым Ғ.С.) бұйырылғанды орындады. Алланың әмірі бойынша құстар тіріліп келді» (Құран Кәрім, 2015б).

Имам ат-Табари (р.а.) «Бақара» сүресі, 260-шы аятты тәпсірлей отырып, былай дейді: «Ибн Аббас (р.а.) және басқалар айтады: Ибраһим (а.с.) тауыс, қарға, қораз және кептерді алды. Оларды сойып, бөлшектеді, содан соң олардың еттерін, қандарын және қауырсындарын түгелдей араластырды. Содан кейін бұл (қоспаны) тауларға бөліп қойды, ал құстардың бастары өз қолында қалды. Сосын ол: «Алланың рұқсатымен келіңдер!» - деді. Сол сәтте әр қауырсын өз қауырсынына, әрбір ет бөлшегі өз бөлшегіне және әрбір қан тамшысы өз тамшысына қарай ұша бастады. Осылайша, әрбір құс сойылғанға дейінгі қалпына келіп, қайта түзілді» (Табари, 2000 б).


«Бақара» сүресінің 260-шы аяты әрбір адамның қайта тірілуі тіпті олардың дене мүшелері бірнеше бөлікке бөлініп, ыдырап кеткен болса да, бастапқы қалпына сай қайта түзілетіндігіне меңзейді. Аталған оқиға Ибраһим пайғамбармен (а.с.) байланысты оқиға ретінде хабарланатындықтан, тарихы баян ретінде қабылдаймыз. Дегенмен, Алла Тағала қайта тірілетін күннің ақиқаттығын, оның оған ешбір ауырлық тудырмайтынын Ибраһим пайғамбарға (а.с.) келтірілген дәлелге ұқсатып 88:17 аятта «Олар, түйеге қарамай ма, қайтып жаратылған?» деп «Ғашия» сүресінде келешектегі адамдар үшін де күнделікті көз алдындағы белгілер арқылы ишарат жасайды.

Әрі қарай, Алла Тағала айтқан түйенің анатомиялық құрылысындағы ерекшеліктерді айқындайтын био-теологиялық аргументтерді түркілік дүниетаным өнімі болып табылатын тарихи-әдеби мұраларға сүйене отырып қарастырдық. Маңызды ескерту, исламдық білім парадигмасында танымның шекарасы шектелмегендігі туралы ұстаным діни ереже ретінде бекітілген. Мәселен, мұсылман әлемінде кең таралған, хадистану тұрғысынан «әлсіз» саналса да, «Білімді тіпті Қытайдан болса да іздендер...» деген хадиске (Сахави, 1985) иек арта отырып, «Ғашия» сүресінің 17-ші аятының мағынасын ашуда бүткіл ғұмыры мал шаруашылығымен байланысты өрбіген көшпенділердің жыл санау дәстүрі түйе жануарына қатысты бірегей дүниетанымды білдіріп, «қарау» мен «байқаудан» туындаған күрделі жүйені ашуға көмектеседі. Қазақ халқы осы жыл санау әдісін орыс империясының құрамына қосылғаннан кейін де ұзақ уақыт қолданып келгені белгілі. Тек кеңес үкіметінің құрылуымен григориан жыл санауын пайдалануға мәжбүр болды (СНК РСФСР, 1918).

Түркілік жыл санау жүйесі VIII ғасырдағы Күлтегін жазуларынан бастап мемлекеттік деңгейдегі ресми хронология ретінде қолданылғаны белгілі (Радлов, 1895). Махмұд Қашқари мен әл-Бирунидің (Кашқари, 2005; Bīrūnī, 1879) еңбектері бұл жүйенің тек этнографиялық емес, сонымен қатар математикалық-астрономиялық негізі бар екенін дәлелдеген. Махмұд Қашқари «Диуани лұғат ат-түрк» атты еңбегінде түркілік жыл санаудың шығу тарихы мен 12 жануардың атауын толық жүйелеп берген ең басты энциклопедиялық дереккөз ретінде танылған (Кашқари, 2005).

Сонымен, ескі түркілік жыл санау жүйесінің шығуын түсіндіретін «Жыл басына таласу» аңызына ғылыми мазмұн іздейтін болсақ, «Ғашия» сүресіндегі түйенің анатомиясындағы сыр ашылады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жазбасында хайуанаттардың жыл басы болуға таласы туралы фольклор туындысының қысқаша мазмұны келесідей: Аңызда әр жануар жыл басы болу үшін өзінің артықшылығын, адамға қызметін айтып сөз таластырады. Тышқан болса бір айлакерлік жасағысы келіп, кім ерте шыққан күнді бірінші көрсе, сол жыл басы болсын деген ұсыныс тастайды. Өзінің бойына сенген түйе «Менен бұрын кім көреді?» - деп ойлап, тышқанды қостайды. Сөйтіп хайуанаттар жаңа шығатын күнді күтуге дайындалғанда, тышқан түйенің басына шығып алып, күнді бәрінен бірінші көрген екен. Тышқаннан кейін жаңа шыққан күнді сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз көреді. Осылайша, 12 жылдық цикл 12 хайуан атымен көрсетілген реттілік бойынша атала бастайды. Аңыздың соңы «Түйе бойына сеніп жылдан құр қалды» деген нақылмен аяқталады (Көпейұлы, 2006).

Ж.Көпейұлының шығармалар жинағынан басқа да аталған фольклор үлгісінің тағы бір версиясы айтылады. Онда түйе жыл ішінде болмаса да, барлық жылда оның фрагменттері сақталған. Аңыз бойынша, жануарлардың бәрі жиналып, түйенің мүшелерін бөлісіп алады. Содан, түйенің құлағы - тышқандікіндей, тұяғы - сиырдікіндей, кеудесі - барыстікіндей, ерні - қояндікіндей, мойны - жыландікіндей, шудасы - жылқының жалындай, жүні - қойдікіндей (Түйе денесінің кейбір бөлігі бұйра үрпек келеді – авт.), өркеші - ұлудікіндей, бөксесі – мешіндікіндей (сүйерлеу келіп бітуіне меңзеген болу керек – авт.), төбесі - тауықтікіндей, сандары - иттікіндей, құйрығы - доңыздікіне ұқсатуға болады (1 сурет) (Бабалар сөзі, 2011).



Сур. 1. Фольклорлық деректер негізіндегі түйе жаратылысының әмбебап био-конструкциялық моделі.

Тағы бір ерекшелік, көшпенді халықтар түйенің өзге хайуандармен ұқсастығын анықтағанда оларды жануардың 12 мүшесіне қарап емес, сыртқы формасына қарап денесін 12 жануарға бөліп беруі өзекті. Осылайша, түркілік жыл санаудан «Ғашия» сүресінің 17-ші аятындағы түйеге «қарау», «бақылау» сөзінің сыртқы сипатқа ишаралауына дәл жауап аламыз. Өзге хайуанаттардан түр-тұлғасымен ерекшеленетін түйеге «қарап», Жаратушының құдыретін сезіну, қайта тірілу күні бөлшектерден қайта жинаудың мүмкіндігін көрсетеді. Егер 2:260 аяттағы оқиғаны тағы бір еске түсіретін болсақ, «кел» дегенде бірнеше бөлшектен қайта құралып, тіріліп келетін құстар қиссасымен логикалық сәйкестік табуға болар еді.

Зерттеу жұмысы барысында, «Жыл басына таласу» аңызындағы хайуандар мен топан су қаптар алдындағы Нұх пайғамбар (а.с.) кемесіне алынған жануарлардың түрлерімен салыстыруды да жөн көрдік. Алайда, «Һуд» сүресі, 40-шы аят, «Муминун» сүресі, 27-ші аяттарда «жұп-жұптан» кемеге мінгізу туралы бұйрық айтылып, олардың қандай жануарлар болғаны бізге белгісіз күйінде қалып отыр. Тек Имам ат-Табари мен Ибн Касир (р.а.) истрайлият деректеріне сүйене отырып, қандай хайуанаттар екенін нақтылауға тырысқан. Риуаяттарда түйенің кемеге кіруі оның бойының биіктігі мен салмағына байланысты қиындық тудырғаны, бірақ иләһи нұсқаумен кемеңің ішкі құрылымы оған лайықталғаны айтылады (Табари, 1967). Ибн Кәсир (р.а.) Тәураттан келген деректер мен ертедегі тәпсіршілердің сөздерін жинақтай келе, кемедегі жануарлардың орналасу тәртібін жазады. Истрайлият деректері бойынша, кеме үш қабаттан, төменгі (жабайы аңдар), ортаңғы (үй жануарлары), жоғарғы қабаттардан (құстар) тұрады (Ибн Кәсир, 1997). Ал Тәурат бойынша Жаратылыс кітабында «Жер бетіндегі барлық тіршілік иелерінен, таза жануарлардан жеті жұптан, ал таза емес жануарлардан (жыртқыштардан) бір-бір жұптан ал...» деген мәтінде беріледі (Жаратылыс, 7:2) (The Holy Bible, 1880). Дегенмен, мұнда да жануарлардың сандары аталғанмен нақты атаулары белгісіз.

Біздің мұндай қисын ізіне түсуімізге қазақ жазба мәдениетінде Нұх пайғамбар (а.с.) кемесі тоқтаған жердің бір версиясы ретінде қарастырылатын Оңтүстік Қазақстандағы Қазығұрт жері тарихи сабақтастық іздеуге негіз болып отыр. Тікелей ғылыми байланыс таппасақта, фольклор үлгісі ретінде сақталған «Қазығұртта кеме қалған, ол әулие болмаса неғып қалған» - деген өлең шумақтары және басқа да келтірген дәйектер «Ғашия» сүресінің

17-ші аятының ғылыми мағынасын ашуда түркілік дүниетанымның негізділігіне моральдық-этикалық негіз қалыптастырады.

Осыдан кейін, қазақ ауыз әдебиетінің зерттеу пәні саналып келген «Түйенің бойына сеніп, жыл басынан құр қалуы» туралы сюжет фольклор үлгісіне қарағанда, био-теологиялық күрделі ғылыми тұжырым деп санаймыз.

Сонымен, осыған дейінгі тәпсір ғалымдарының 88:17 Құран сүресіне жасаған тәпсірлеріне қосымша, тағы бір ғылыми негізді түсіндірмені, яғни тәпсір мәтінін жазудың кезегі келді. Дегенмен, тәпсір ғалымдарының кейбірінің жасаған түсіндірмелерінен фрагменттер ала отырып, жоғарыда жазылған зерттеу жұмысымыздың нәтижесін біріктіре отырып тұтас мәтін құрастыруды жөн санаймыз. Бұл тәпсір ғылымындағы сабақтастықты, ғылыми білімді толықтыруға көмектеседі. 88:17 аят мағынасын түсіндіруге талпынысымыз қамтылған зерттеу жұмысымыздың нәтижесі келесідей мәтін жолдарына негіз болды:

«Алла Тағала айтады: Қайта тірілуді жокқа шығарушылар түйеге, Алланың оны қалай жаратқанына қарамай ма? (Табари, 2000 а) Біле жүр, Алла Тағала Өзінің кемел құдіретін дәлелдеу үшін түйені мысалға келтірді (Рази, 1981). Оның жаратылысында ғибрат бар, (Куртуби, 1988) расында, ол (түйе) таңғажайып жаратылыс әрі бітімі бөлек құрылым (Ибн Касир, 1999 а), бұл жаратылыс ешқашан кездейсоқтықтың жемісі болуы мүмкін емес (Маудуди, 2001). Түйе өзінде бірнеше жануардың сипатын біріктірген, яғни онда өзге жануарлардың барлық сыртқы дене бітімдері жинақталған (Рази, 1981). Түйенің құлағы - тышқандікіндей, тұяғы - сиырдікіндей, кеудесі - барыстікіндей, ерні - қояндікіндей, мойны - жыландікіндей, шудасы - жылқының жалындай, жүні - қойдікіндей (Түйе денесінің кейбір бөлігі бұйра үрпек келеді – авт.), өркеші - ұлудікіндей, бөксесі - мешіндікіндей (сүйерлеу келіп бітуіне меңзеген болу керек – авт.), төбесі - тауықтікіндей, сандары - иттікіндей, құйрығы - доңыздікіне ұқсайды. Сөйтіп, Жаратушы өзінің құдыретімен бөлшектерді біріктіріп, тұтас жаратылыс қалпына келтіргендей, өлілерді тірілте алатынын көрсетеді».

Қорытынды

Зерттеу жұмысының нәтижелерін жинақтай келе, «Ғашия» сүресінің 17-ші аятындағы түйе жаратылысына қатысты иләһи үндеудің теологиялық, онтологиялық және этно-мәдени қырларының өзара сабақтастығы айқын көрініс табады. Ислам тәпсір ғылымының тарихында Имам ат-Табариден (р.а.) бастап кейінгі ғалымдар түйенің жаратылысын Жаратушының кемел құдіретінің, «тасхир» концепциясының және қайта тірілу ақиқатының эмпирикалық дәлелі ретінде бағалаған. Классикалық тәпсірлердегі түйенің биологиялық төзімділігі, функционалдық әмбебаптығы және экономикалық маңыздылығы туралы тұжырымдар бүгінгі таңда Құран аяттарының мағынасын тереңдетудің іргетасы болып қала береді. Осы орайда, мақала аясында ұсынылған түйе жаратылысы мен «қайта тірілу» оқиғасы арасындағы логикалық сабақтастық зерттеудің жаңашылдығын айқындайды. Бақара сүресіндегі Ибраһим пайғамбардың (а.с.) құстарды бөлшектеп, қайта жинау арқылы иманға келу қиссасы мен түйенің бойындағы 12 түрлі жануардың мүшелерінің шоғырлануы туралы түркілік таным арасындағы методологиялық ұқсастық Жаратушының бөлшектерден тұтас дүниені құрастыру құдіретін көрсететін био-теологиялық аргумент болып табылады. Бұл тұрғыда түркілік жыл санау жүйесі мен «Жыл басына таласу» аңызындағы түйе бейнесі жай ғана фольклорлық туынды емес, аяттағы «бақылау» бұйрығы арқылы ашылған күрделі эпистемологиялық жүйенің жемісі ретінде қарастырылады.

Түйе денесіндегі 12 жануардың сипаты, тышқанның құлағынан доңыздың құйрығына дейінгі мүшелердің жиынтығы оның әмбебап био-құрылым екенін және өлгеннен соң қайта тірілудің мүмкіндігін табиғат тілімен жеткізген бірегей нышан. Зерттеу барысында классикалық тәпсір мектептері мен көшпенділердің этно-биологиялық білімін синтездеу арқылы 88:17 аятына берілген кеңейтілген авторлық түсіндірме Құранның ғылыми прогрессивтілігі мен оның мағыналық қырларының уақыт өткен сайын жаңарып

отыратындығын дәлелдейді. Қорыта айтқанда, түйе жаратылысы адамзатты интеллектуалдық жауапкершілікке шақыратын, табиғат пен теологияның тоғысқан нүктесіндегі иләһи дизайнның кемел үлгісі. Оны ғылыми әдістермен «бақылау» материалдық әлем мен метафизикалық ақиқат, жаратылыс пен қайта тірілу арасындағы үзілмес байланысты танудың негізгі кілті болып табылады.

Зерттеу жұмысымыздың барлық негізгі концепциялары «Ғашия» сүресіндегі бақылау бұйрығы, «Бақара» сүресіндегі ыдыраған элементтерді қайта жинақтау ақиқаты және түркілік фольклордағы түйе бойындағы 12 жануардың фрагменттері, сайып келгенде, дана халқымыздың «Көрмес түйені де көрмес» деген бір ауыз аталы сөзінің мағыналық өзегін ашады. Құран аяттарында келетін Түйенің болмысына қатысты бірнеше қасиетті мәтіннің мағынасын ашуға көшпенділер ерекше ден қойғандығын және оны күнтізбе жасауда шебер пайдалана білгеніне көз жеткіздік. Осы ретте, «Көрмес, түйені де көрмес» деген нақыл ежелгі түркілердің ой жемісінің, шығармашылық шабытының түйіні ретінде туындаған діни-философиялық пайым деп санаймыз.

Мақала барысында дәлелденгендей, түйе жаратылысы адамзатты интеллектуалдық оянуға шақыратын, табиғат тілімен жазылған иләһи дизайнның кемел үлгісі. Осылайша, бұл қазақы нақыл, исламдық теологиялық таным мен көшпенділердің этно-биологиялық бақылау тәжірибесінің өзара синтезделіп, онтологиялық аксиомаға айналған жоғары философиялық қорытындысы болып табылады.

Әдебиеттер:

- Құран Кәрім, 2015a – Құран Кәрім / ауд. Халифа Алтай. Алматы: Көкжиек-Б, 2015. Ғашия сүресі, 17-аят.
- Al-Tabari, 2000a – *Al-Tabari M.J.* Jami al-bayan an tawil ay al-Quran. Beirut: Dar al-Fikr, 2000. Vol. 24. Commentary on Surah al-Ghashiyah, 17.
- Al-Razi, 1981 – *Al-Razi F.D.* Mafatih al-ghayb (al-Tafsir al-kabir). Beirut: Dar al-Fikr, 1981. Vol. 31. Commentary on Surah al-Ghashiyah, 17.
- Al-Qurtubi, 1988 – *Al-Qurtubi M.A.* Al-Jami li-ahkam al-Quran. Beirut: Dar al-Kutub al-Ilmiyyah, 1988. Vol. 20. Commentary on Surah al-Ghashiyah, 17.
- Ibn Kathir, 1999a – *Ibn Kathir I.* Tafsir al-Quran al-Azim. Riyadh: Dar Taybah, 1999. Vol. 8. Commentary on Surah al-Ghashiyah, 17.
- Kopeyuly, 2006 – *Kopeyuly M.Zh.* Shygarmalary: 8 tomlyk. Pavlodar: EKO GOF, 2006. Vol. 8. 344 p.
- Kashkari, 2005 – *Kashkari M.M.* Divan lugat at-turik / trans. Z.-A.M. Auezova. Almaty: Daik-Press, 2005.
- Quran Karim, 2015b – Quran Karim / trans. Kh. Altai. Almaty: Kokzhiek-B, 2015. Surah al-Baqarah, 260.
- Quran Karim, 2015c – Quran Karim / trans. Kh. Altai. Almaty: Kokzhiek-B, 2015. Surah al-Ghashiyah, 17.
- Ibn Kathir, 1999b – *Ibn Kathir I.* Tafsir al-Quran al-Azim. Riyadh: Dar Taybah, 1999. Vol. 1. Introduction.
- Zhauhari, 1931 – *Zhauhari T.* Al-Zhavahir fi tafsir al-Quran al-karim. Cairo: Mustafa al-Babi al-Halabi, 1931.
- Nursi, 2010 – *Nursi S.* Sozder: Zhiyharmasyynshy soz (Paigambarlar mugzhizalary turaly). Istanbul: Envar Nashriyat, 2010.
- Comte, 1832 – *Comte O.* Cours de philosophie positive. Paris, 1830-1842.
- Al-Tabari, 2000b – *Al-Tabari M.J.* Jami al-bayan an tawil ay al-Quran. Beirut: Dar al-Fikr, 2000. Vol. 5. Commentary on Surah al-Baqarah, 260.

Al-Sakhawi, 1985 – *Al-Sakhawi*. Al-Maqasid al-hasanah. Beirut: Dar al-Kutub al-Ilmiyyah, 1985. Hadith: «Seek knowledge even unto China».

СНК РСФСР, 1918 – СНК РСФСР. О введении западноевропейского календаря: декрет от 26 января 1918г. [Электронный ресурс]. URL:<https://docs.historyrussia.org/ru/nodes/371678-o-vvedenii-zapadnoevropeyskogo-kalendarya-dekret-snk-rsfsr-26-yanvarya-1918-g> (қаралған күні: 24.05.2026).

Radlov, 1895 – *Radlov V.V.* Atlas drevnostey Mongolii. Sankt-Peterburg: Tipografiya Imperatorskoy Akademii nauk, 1895.

Biruni, 1879 – *Biruni A.R.* The Chronology of Ancient Nations / trans. C.E. Sachau. London: William H. Allen & Co., 1879.

Бабалар сөзі, 2011 – Бабалар сөзі: Жүз томдық. Астана: Фолиант, 2011. Т. 73. 53-64 бб.

Al-Tabari, 1967 – *Al-Tabari M.J.* Tarikh al-umam wa-l-muluk. Cairo: Dar al-Maarif, 1967. Vol. 1. pp. 181–185.

Ibn Kathir, 1997 – *Ibn Kathir I.* Qisas al-anbiya. Beirut: Dar al-Kutub al-Ilmiya, 1997. Vol. 1. pp. 85-90.

The Holy Bible, 1880 – The Holy Bible. Genesis 7:2. New York: Bible Society, standard edition.

References:

Quran Karim, 2015a – Quran Karim: qazaqsha magyna zhane tusinigi [The Holy Quran: Kazakh meaning and commentary]. trans. Kh. Altai. Almaty: Kokzhiek-B. 2015. Surah al-Ghashiyah, 17. (in Kaz.).

Tabari, 2000a – *Al-Tabari M.J.* Jami al-bayan an tavil ay al-Quran [The Comprehensive Exposition of the Interpretation of the Verses of the Quran]. Beirut: Dar al-Fikr. 2000. Vol. 24. Commentary on Surah al-Ghashiyah, 17. (in Arab.).

Razi, 1981 – *Al-Razi F.D.* Mafatih al-ghayb (al-Tafsir al-kabir) [The Keys to the Unseen]. Beirut: Dar al-Fikr. 1981. Vol. 31. Commentary on Surah al-Ghashiyah, 17. (in Arab.).

Kurtubi, 1988 – *Al-Qurtubi M.A.* Al-Jami li-ahkam al-Quran [The Compendium of Legal Rulings of the Quran]. Beirut: Dar al-Kutub al-Ilmiyyah. 1988. Vol. 20. Commentary on Surah al-Ghashiyah, 17. (in Arab.).

Ibn Kasir, 1999a – *Ibn Kathir I.* Tafsir al-Quran al-Azim [Commentary on the Great Quran]. Riyadh: Dar Taybah. 1999. Vol. 8. Commentary on Surah al-Ghashiyah, 17. (in Arab.).

Kopeyuly, 2006 – *Kopeyuly M.Zh.* Shygarmalary: 8 tomдық [Works: in 8 volumes]. Pavlodar: EKO GOF. 2006. Vol. 8. 344 p. (in Kaz.).

Kashkari, 2005 – *Kashkari M.M.* Divan lugat at-turik [Dictionary of Turkic languages]. trans. Z.-A.M. Auezova. Almaty: Daik-Press. 2005. (in Kaz.).

Quran Karim, 2015b – Quran Karim: qazaqsha magyna zhane tusinigi [The Holy Quran: Kazakh meaning and commentary]. trans. Kh. Altai. Almaty: Kokzhiek-B. 2015. Surah al-Baqarah, 260. (in Kaz.).

Quran Karim, 2015b – Quran Karim: qazaqsha magyna zhane tusinigi [The Holy Quran: Kazakh meaning and commentary]. trans. Kh. Altai. Almaty: Kokzhiek-B. 2015. Surah al-Ghashiyah, 17. (in Kaz.).

Ibn Kasir, 1999b – *Ibn Kathir I.* Tafsir al-Quran al-Azim [Commentary on the Great Quran]. Riyadh: Dar Taybah. 1999. Vol. 1. Introduction. (in Arab.).

Zhauhari, 1931 – *Al-Zhauhari T.* Al-Zhavahir fi tafsir al-Quran al-karim [Jewels in the interpretation of the Holy Quran]. Cairo: Mustafa al-Babi al-Halabi. 1931. (in Arab.).

Nursi, 2010 – Nursi S. Sozder: Zhiyharmasynshy soz (Paigambarlar mugzhizalary turaly) [The Words: The Twentieth Word (On the miracles of the prophets)]. Istanbul: Envar Nashriyat. 2010. (in Kaz.).

Comte, 1832 – Comte O. Cours de philosophie positive [Course of Positive Philosophy]. Paris. 1830-1842. (in French).

Tabari, 20006 – Al-Tabari M.J. Jami al-bayan an taviil ay al-Quran [The Comprehensive Exposition of the Interpretation of the Verses of the Quran]. Beirut: Dar al-Fikr. 2000. Vol. 5. Commentary on Surah al-Baqarah, 260. (in Arab.).

Sakhavi, 1985 – Al-Sakhawi. Al-Maqasid al-hasanah [The Good Objectives]. Beirut: Dar al-Kutub al-Ilmiyyah. 1985. Hadith: «Seek knowledge even unto China». (in Arab.).

SNK RSFSR, 1918 – SNK RSFSR. O vvedenii zapadnoevropeyskogo kalendarya: dekret ot 26 yanvarya 1918 g. [On the introduction of the Western European calendar: decree of January 26, 1918]. [Electronic resource]. URL: https://docs.historyrussia.org/ru/nodes/371678-o-vvedenii-zapadnoevropeyskogo-kalendarya-dekret-snk-rsfsr-26-yanvarya-1918-g (accessed: 24.05.2026). (in Rus.).

Radlov, 1895 – Radlov V.V. Atlas drevnostey Mongolii [Atlas of antiquities of Mongolia]. Sankt-Peterburg: Tipografiya Imperatorskoy Akademii nauk. 1895. (in Rus.).

Biruni, 1879 – Biruni A.R. The Chronology of Ancient Nations. trans. C.E. Sachau. London: William H. Allen & Co. 1879. (in Eng.).

Babalar sozi, 2011 – Babalar sozi: Zhuz tomdyk [Word of ancestors: One hundred volumes]. Astana: Foliant. 2011. Vol. 73. pp. 53-64. (in Kaz.).

Tabari, 1967 – At-Tabari M.Zh. Tarikh al-umam va-l-muluk [History of the Prophets and Kings]. Cairo: Dar al-Maarif. 1967. Vol. 1. pp. 181–185. (in Arab.).

Ibn Kasir, 1997 – Ibn Kasir I. Qisas al-anbiya [Stories of the Prophets]. Beirut: Dar al-Kutub al-Ilmiya. 1997. Vol. 1. pp. 85-90. (in Arab.).

The Holy Bible, 1880 – The Holy Bible. Genesis 7:2. New York: Bible Society, standard edition. (in Eng.).

¹Кушерев Н.Ж., ²Молдахметов Р.А., ³Бейсембаева А.

¹ Университет «Туран», Казахстан, г. Алматы

^{2,3} Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
E-mail: ¹nurgisa-polit@mail.ru, ²teolog.dintanu@gmail.com, ³aiman0303@mail.ru

КОНЦЕПТ НАБЛЮДЕНИЯ В СУРЕ «АЛЬ-ГАШИЯ»: ТЕОЛОГИЧЕСКИЙ И ОНТОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

Аннотация. В предлагаемой исследовательской статье комплексно изучены теологические, онтологические и этнокультурные аспекты божественного призыва относительно сотворения верблюда, содержащегося в 17-м аяте суры «Аль-Гашия», в контексте современных научных парадигм. Основная цель работы заключается в научном обосновании тесной связи между повелением «назара» (созерцание, наблюдение и глубокое размышление) в священном тексте, биологическо-анатомическими особенностями верблюда и истиной о телесном воскрешении в Судный день. В ходе исследования был применен комплекс методов, включающий традиционный для исламской теологии метод «тафсира Корана Кораном», а также теологическую герменевтику, качественный контент-анализ и сравнительно-компаративный метод. На основе экстраполяционного анализа доказана прямая логико-теологическая преемственность между процессом наблюдения в суре «Аль-Гашия» и реальностью воссоздания жизни из отдельных фрагментов в 260-м аяте суры «Аль-Бакара». Суждения классических толкователей имама ат-Табари и Фахруддина ар-Рази впервые

сопоставлены с глубокими этнобиологическими представлениями, сохранившимися в тюркском мировоззрении, в частности в фундаментальном наследии Машхура Жусупа Копеева и Махмуда Кашгари, согласно которым в организме верблюда гармонично соединены анатомические элементы двенадцати различных животных. В результате исследования сотворение верблюда сформулировано как «универсальная биоконструкторская модель», определено, что его физический облик выступает совершенным образцом божественного дизайна, способным реконструировать распавшиеся элементы, и служит ключевым теологическим инструментом, трансформирующим онтологическое сознание человека.

Ключевые слова: сура Аль-Гашия, методология тафсира, сотворение верблюда, воскрешение, тюркское мировоззрение, божественный дизайн, онтология, этнобиология.

¹Kushеров N.Zh. ²Moldakhmetov R.A. ³Beisembayeva A.

¹Turan University, Almaty, Kazakhstan

^{2,3}Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: nurgisa-polit@mail.ru

THE CONCEPT OF SURVEILLANCE IN SURAH AL-GHASHIYAH: A THEOLOGICAL AND ONTOLOGICAL ANALYSIS

Abstract. This research paper provides a comprehensive and in-depth analysis of the theological, ontological, and ethno-cultural dimensions of the divine invocation regarding the creation of the camel in the 17th verse of Surah Al-Ghashiyah, examined within the framework of modern scientific paradigms. The primary objective of this study is to establish a robust scientific and theoretical foundation for the correlation between the sacred command «nazara» (to observe, contemplate, and reflect deeply), the unique biological and anatomical features of the camel, and the ultimate truth of physical resurrection on the Day of Judgment. The methodology employs a synthesis of traditional Islamic exegesis (the method of interpreting the Quran through the Quran), alongside theological hermeneutics, qualitative content analysis, and comparative methods. Based on extrapolative analysis, the study demonstrates a direct logical and theological continuity between the process of observation emphasized in Surah Al-Ghashiyah and the reality of reconstituting life from separate fragments as depicted in the 260th verse of Surah Al-Baqarah. Furthermore, the exegetical insights of classical commentators Imam at-Tabari and Fakhr al-Din al-Razi are correlated for the first time with the ethno-biological knowledge preserved within the traditional Turkic worldview specifically in the heritage of Mashkhur Zhusip Kopeyuly and Mahmud al-Kashgari which posits that the camel incorporates the anatomical features of twelve different animals. The study concludes by conceptualizing the creation of the camel as a «universal bio-constructive model», demonstrating that its physical constitution serves as a perfect manifestation of divine design capable of reassembling disintegrated elements, and acts as a pivotal theological instrument for transforming human ontological consciousness.

Keywords: Surah Al-Ghashiyah, tafsir methodology, creation of the camel, resurrection, Turkic worldview, divine design, ontology, ethno-biology.

Авторлар туралы мәлімет:

Кушеров Нұрғиса Жылқыбайұлы – «Тұран» университетінің сениор-лекторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының докторанты, Алматы, Қазақстан

Молдахметов Рустем Ауелханович – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ дінтану және мәдениеттану кафедрасының докторанты, Алматы, Қазақстан

Бейсембаева Айман Мұратқызы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультеті дінтану және мәдениеттану кафедрасының PhD докторанты, Алматы, Қазақстан

Сведения об авторах:

Кушеров Нургиса Жылкыбайевич – сениор-лектор Университета «Туран», докторант кафедры политологии и политических технологий Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Молдахметов Рустем Ауелханович – докторант кафедры религиоведения и культурологии Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Бейсембаева Айман Муратовна – PhD докторант кафедры религиоведения и культурологии факультета философии и политологии Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Information about authors:

Kusherov Nurgisa Zhylykbauiuly – Senior Lecturer, Turan University; PhD candidate, Department of Political Science and Political Technologies, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Moldakhmetov Rustem Auelkhanovich - doctoral student at the Department of Religious Studies and Cultural Studies, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan

Beisembayeva, Aiman Muratkyzy – PhD Student of the Department of Religious Studies and Cultural Studies of the Faculty of Philosophy and Political Sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*Келін түсті 6 мамыр 2026 жыл
Қабылданды 12 тамыз 2026 жыл*